

Преподавать экономику в школе в настоящее время необходимо и интересно, так как экономические знания обязательно будут востребованы самой жизнью.

ЛИТЕРАТУРА

1. Королева И.С. Мировая экономика: Глобальные тенденции за 100 лет. – М.: "Ютта", 2009.
2. Н.А. Зайченко. "Экономика. Задачи, упражнения, тесты, кроссворды" Санкт-Петербург 1998 год.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МҰРАЛАРЫ БҮГІНГІ ОҚЫТУ ҮРДІСІ

Сейтова Г.Н.
Н.Наушабаев атындағы мектеп

Қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған қазақ зияялыларының көшбасшысы, тұнғыш халық ағартушысы қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күрескен, сөйтіп халық иғілігі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісін көрсеткен. XIX ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы – демократ Ыбырай Алтынсарин, Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алды. Ол жас үрпақты тәрбиелу мәселе сіне ерекше көніл бөлді. Қазақ даласындағы аумалы – төкпелі заманда үрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас жеткіншектердің тағдырына терең үнілген ағартушы.

Ыбырай Алтынсариннің халық – ағарту ісіне жолдама алып алғаш аттануы.

Мектепті үздік бітірген ол 1857-1859 жылдары арасында өз атасы Балқожа бидің писері (қағаз көшіруші) болады да, 1860 жылы Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаштықта орналасады. Кейіннен өз қалауы бойынша Торғай қаласындағы бастауыш мектепке мұғалім болып келеді, ел ішінде орын алған сауатсыздық пен білімсіздікке қарсы ашық күреседі.

Осы кезден бастап, бұл бағыттағы асыл арманы Алтынсариннің ағартушылық педагогикалық қызметі басталады. Сонымен бірге, Ресейде басталған азаттық қозғалыстың өрлеу кезеңінде қазақ ағартушыларының демократиялық идеяларының белсененді жаршысы болды. Ағартушылық қызметінің алғашқы қадамдарында көздескен көдергілердің бірі – ол көздердегі шалғай түкпірдегі мектеп ашудың қындығы, қаражат, мектеп үйі, оқу құралдарының жетіспеуі. Оның үстінен осындай ізгілікті іске қараңғы орта облыстық басқармадағылар да, жергілікті әкімшілік те салқын қарайтыны, оқу мен білімге деген надан әкімдердің еңжарлығы да болды. Бірақ соның бәрі оның талабын қайтара алмады, ағартушылық идеямен қанағаттанған. Ыбырай халықтың мұн-мұқтажы мен арман -тілегін орындау мақсаты оның көздеген мақсаты болып сол арманға жетуге құлышына кірісті. Ол мектеп ашуға ел-елді арапап қаражат жинауға кірісті.

Сонымен, Ы.Алтынсарин Қазақстандағы әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды. Іргесі қаланбақшы алғашқы мектеп құрылсынын, тұнғыш берілетін білімнің бағыт-бағдарын айқыннады, қалың бұқараға оның мазмұны мен маңызын түсіндірді, бастауыш мектепке қажетті оқу құралдарын дайындады.

Ы.Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көніл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де үрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы тіршіліктің өзекті мәселелерін көтеруге бет бұрды.

Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізді. Шиеленіскен тартыстар, сол бейнелер, бұрын болмаған жанрлар арқылы әдебиетті мазмұн жағынан ғана емес түр жағынан дамытты.

1860 жылы Орынбор бекінісінде (Торғай) қазақ балалары үшін мектеп ашу тапсырылды, әрі сол мектепке орыс тілінің мұғалімі болып белгіленеді. Ыбырайдың бүкіл өмірін арнаған ағартушылық-педагогикалық қызметі осылай басталады. Тікелей өзінің араласуымен халықтан жинаған қаржыға мектеп үйін және интернат салып, 1864 жылы 8 қаңтарда мектептің жаңа гимаратын салтанатты түрде ашады. Ұстаздық – ағартушылық қызметке қоса Ыбырайға басқа да жұмыстарды атқару жүктеледі. Орынбор генелар-губернаторының тікелей тапсыруы бойынша Торғайда төрт рет уездік судья болып (1868-1874), Торғай уездік бастығының ага жәрдемшісі (1876-1879) қызметін атқарады. Ы.Алтынсарин инспекторлық қызметке кірісken соң оқу-ағарту жұмыстарын одан әрі жандандырып, Елек, Қостанай, Торғай уездерінде бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашады, оларды қажетті

кітаптар мен жасақтайды. Әсіресе, елді көшпелі өмір салтына баулып, Ресейдің халық - ағарту жүйесін жаңа үлгілі білім беру тәсілін ұсынады.

Нәтижесінде, 1888 жылы 10 сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылады. Ұбырай мұндан әрі қазақ жастары арасынан экономика, ауыл шаруашылығы, қол өнер қесіпшілігі салаларына қажетті мамандар даярлайтын училищелер ашуға көп күш жұмысады. Тіптен, Қостанайдан ашылатын ауыл-шаруашылық училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретін туралы өсiet қалдырады. Ұбырайдың қазақ қыздары үшін Қостанайда, Торғайда, Қарағұтақта, Ақтөбе де мектеп-интернат аштыруның тарихи мән-маңызы зор болды.

Ұбырай оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуіне айрықша мән береді «Қазақ христаматиясы» атты оқулық, «қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазды. Бұл кітаптарындағы оқушыны Отансүйгіштікке, еңбекке, кісілікке – тәрbiелейтін ғибратты шығармалары ешқашан да өзінің мән-маңынасын жоймақ емес.

Тек қана оқу-ағарту жұмыстары емес, Ұбырай сонымен бірге сол кездегі қоғамдық – саяси өмірге сергек араласып, ғылым-білімге, еңбек пен өнерге, дінге, этнографияға қатысты мақалалар жазды. Оның, әсіресе, көркем еңбектері қазақ әдебиетінің қалыптасуына айрықша ықпал етеді.

Ы. Алтынсаринің балаларға тигізген пайдасы жайында мағлұмат беретін болсақ, Ұбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да «қазақ балалары әдебиетінің атасы» деп танылған. Оның шығармалары мұғалімдер даярлайтын оқу орын-дарында кең көлемде оқытылады. Мектеп оқулықтарына да енгізілген. Әңгімелерінің идеялық нысаны жағынан жүйелер болсақ, еңбекті сую, қадірлеу жақсы міnez - құлышқа бағыттау, халқын сую, қадірлеу, мейірімділік пен (ана-бала) перзенттік парыз, т.б. өмірдің өзекті мәселелерін қамтығанын көреміз.

Сонымен қатар қазақ жастарын білім алуға, мәдениеттің жаңа дәстүрлерін игеруге, бойға сініруге шақырады.

«Кел, балалар, оқылық!» өлеңінде ақын қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерін шебер пайдаланып, білім мен надандықты, жақсылық пен жамандықты қатар алып, салыстырып отырды.

1) *Істің болар қайыры,
Бастасаңыз аллалап.
Оқымаған жүреді,
Қараңғыны қармалап.*

2) *Надандықтың белгісі,
Еш ақылға жарымас.
Жөн білмеген адамға,
Қыдыр ата дарымас.*

Бұл өлеңің айрықша құндылық қасиеттерінің бірі – оның халық дәстүрі, халықтың ұғым өлшемі негізінде жазылғандығында. Ал «Өнер – білім бар жүрттар» өлеңінде сол тұстағы ғылым мен техниканың ең басты жаңалықтары толық қамтылып, өнер мен білімге қолы жеткен халықтың экономикалық жағынан озықтығын әр салада көрсетеді. Мысалы:

*Өнер – білім бар жүрттар,
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып жүмғанша.
Жылдам хабар алғызды.*

*Аты жоқ құр арбаны,
Мың шақырым жерлерге.
Күн жарымда барғызды,
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты.
От пен суға түсірді.*

Ұбырай Алтынсариннің бір алуан өлеңдері өлеуметтік мәселелерге айналған. Бұған «Өсiet өлеңдер», «Әй, жігіттер» тәрізді т.б. өлеңдерді айтуда болады. Мұндай өлеңдері биік адамгершілік тұрғысынан үрлық-қарлықты, әділетсіздіті сынап, еңбексіздік, естілікті салттардың зияндығын көрсетіп, адал-енбектің адамгершілік міnez-құлышқтың артықшылықтарын бейнелейді.

Мысалы:
*Араз бол, кедей болсан, үрлықпенен,
Кете бар, кессе басың, шындықпенен.
Қорек тал бейнегеттөн де, тәнірім жәрдем,*

Телмірме бір адамға мұндықпенен.

Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз

Азған елдің ішінен

Алыс-алыс қашыныздар

Зияндасты кісіден.

Жақсыны көзден салмаңыздар,

Жақсыдан қапыл қалмаңыздар....

Ыбырайдың мұндағы өлеңдері бүгінде ескірді, мән-мағынасы көнерді деп айта алмаймыз.

Ақынның бірлі- жарым өлеңдері табиғаттың сұлу көріністерін суреттеуге арналған. Мұндағы лирикалық өлеңдер Ыбырайға дейін қазақ әдебиетінде кездеспейтін. Өйткені пейзаждық лирика, көбінесе, жазба әдебиетке тән. Табиғат сұлупығын жыrlау - орыс әдебиеттерінде, т.б.елдердің әдебиеттерінде XYIII ғасырдан келе жатқан дәстүрлердің бірі.

Ыбырайдың «Жаз», «Өзен» өлеңдері көркемдік келісім жағынан, нәзік лиризімімен оқушының жан дүниесінде жайдары сезім туғызып, көnlіді өсер қалдырады. Ақын бул жерде табиғат көрінісін жалаң қызықтау мен шектелмейді, адам өмірімен қоршаған ортамен тығыз байланысты жырлайды. Ыбырайдың табиғат тақырыбындағы өлеңдерінен ақындық шеберлігі көрініп тұр. Зерттеушілер бұл өлеңдердің халық арасында кеңінен таралғанын атап көрсетеді. Содай-ақ ағартушығалым бала тәрбиесіндегі ананың еңбегіне ерекше мән беріп, ана маҳаббатын терең сезіммен жырлап, сол арқылы баланың ата-ана алдындағы перзенттік парызын есіне салып, ғибратты сөздер, пайымды ойлар айтқан. Бұл өлеңдердің біз бастауыш сыныптардан-ақ жатқа айтып жүрміз («Бұл кім?», «Ананың суюі», «Балғожаның хаты»....):

Ыбырай Алтынсариннің жемісті еңбек етіп, едәуір жақсы шығармалар қалдырган саласының бірі-проза жанры болды. Оның «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейтқұл», «Киіз үй мен ағаш», «Надандық» т.б. бірсыныра шығармалары қоғамдық өмірдің өр алуан жақтарын суреттеуге арналған. Бұл еңбектерінде жазушы өз дәүірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді.

«Бай баласы мен жарлы баласы» – Ыбырай шығармаларының биік шыңы. Ол, біріншіден, озық ойларының жемісі, әңгіме окушыны еңбек етуге, өмір сырын ұғына тусуге бағыттайты. Үсеннің – ісәрекетін жазушы сүйсіне жазады. Асан мен Үсенді салыстыра отырып олардың адамдық қасиеттерін еңбек қатысына қарай бағалайды. Бұл әңгімeden сол дәүірдің өмір көріністерін қөшпелі тұрмыстың беймаза тірлігін көреміз. Қазақ энциклопедиясы жазушының бұл әңгімесін орыстың сол кездегі ойлы адамдарының аударғанын Н. Иванов деген журналистің орыс тіліне аударып, «Родник» журналының 1890 жылғы 6-санында жарияланғанын атап көрсетеді.

Көркем әдебиеттің күрделі жаңыры-әңгіме екенібелгілі. Өйткені үлкен жаңырдағы шығармаларға ойылатын талаптар, әңгіме, новелла тәрізді шағын шығармаларға да қойылады. Бұл тұрғыдан алғанда Ыбырайдың әңгімелер түрі мен мазмұны бірлігін сақтай отырып, негізгі мәселені жинақы, тартымды, өсерлі жеткізеді. Әзінің озық идияларын жеткізуде жазушы халық тілінің байлығын пайдалана білді. Оның шығармаларының бұндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де ортақ екендігін көрсетеді. Ыбырай Алтынсариннің айтулы шығармаларының бірі- «Қыпшақ Сейтқұл». Сейтқұлдың іс-әрекетінен оның өмірге жаңаша талаппен қарайтындығы байқалады. Жер шаруашылығымен айналысы, бұл кесіптің тиімді тәсілдерін қолдануы (шығыр салу, арық қазу, т.б.), сейтіп, оның айналысаңдағылардың орташа тіршілік етуге жетуінің өзі бірліктің, еңбектің нәтижесі екендігін сыйпаттайты. Әңгіменің тәрбиелік жағы- осындағы жаңашыл бағытында.

Ыбырайдың еңбектері мен шығармалары біздің заманымыздаған дұрыс бағаланып, жиналуда, шың мағынада зерттелуде. Сейтіп, мәдениетіміздің мол қазына, дәлетіне айналуда. Сондықтан Ыбырай өшпес даңққа ие. Оның ардақты есімін бүгінгі өрендер түгел, болашақ үрпақтар да есінен шығармайды. Әзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан-жақты талантты арқылы танылған ы. Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны зор. Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған Ыбырай Алтынсарин, жаңашыл, дарынды ағартушыған емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу – маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен. Сейтіп, өзі өмір сүрген дәүірдің мұрат – мүдделерінің кәдесіне, үрпақ тәрбиесіне жаратада білген тұлға.

Қорыта келетін болсақ, ы.Алтынсарин – реалист жазушы, ағартушы педагог, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, тіл тазалығы үшін күрескен, тұңғыш кеменгер.

Көрнекті әдебиетші, ғалым Қ. Жұмалиев өзінің «XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген ғылыми-зерттеу еңбегінде педагог-жазушыға: «ІХ ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Еуропа мәдениетіне қол жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ы.Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор», – деп баға берdi.

Оның еңбектері жан-жақты зерттеліп, ондаған ғылыми-зерттеу еңбектер жазылған, докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Қазақ әдебиетінде педагог-жазушының көркем бейнесі жасалуда. Мысалы, белгілі ақын Дағы Қайырбеков «Дала қоңырауы» поэмасы,М. Ақынжанов «Ұбырай Алтынсарин.» пьесасын, Жайсанбек Молдалиев «Алғашқы ұстаз» романын жазды. Кинофильм түсірілген. Қостанайда оған арналып ескерткіш орнатылған, дарынды оқушыларға арналған Ұбырай Алтынсарин атындағы мектеп-интернаты, кітапханасы мен мұражайы ашылып қызмет етуде, сонымен бірге Ұбырай Алтынсарин кесенесі және көше атауы да бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ы. Алтынсарин 2 томдық жинағы (1 том).
2. Ы.Алтынсарин тағылымы. М. Жармұхамедов, Алматы баспасы 1991ж.
3. Тарихи тұлға тағылымы. Ә. Дербісөлин, Ақтау баспасы 2005 ж
4. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары, С. Қалиев, Қ. Аюбаев, С. Қалықова, М. Смаилова, Рауан баспасы 1991ж.

Ы.АЛТЫНСАРИН – БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ САҢЛАҒЫ

Сейдағалиева Г.

Жангелдин ауданы «Ш. Уәлиханов атындағы Торғай орта мектебі» ММ-сі

Әр халықтың болашаққа бет алған тарихи даму жолында жарық жүлдyzдай болып бағыт- бағдар сілтеген, сейтіп, сол ұлттың, халықтың тарихында есімдері ерекше аталаудын зор тұлғалар болатыны айқын. Өзінің халқы үшін кешкен азаматтық ғұмыры, атқарған жарқын істерімен халық есінде қалған және бір данышпан перзенті бар, ол- тұнғыш ағартушы, педагог-жазушы Ұбырай Алтынсарин.

Педагог-жазушының ізденіске, құреске толы өмірінің баршамыз үшін, өсіресе өмір босағасынан енді аттаған жастар үшін ғұмырын халыққа арнаудың өшпес өнегесіндей танылуы, солай қабылданылуы заңды. Өйткені ол өзіне дейін толғагы әбден жеткен, бірақ шешімін таптаған бірсыптыра әлеуметтік мәселелерді бірінші болып қолға алғып, алғаш іске асырды.

Қазақ даласында бірінші болып мектеп ашып, білім шырағын жағу, ана тілінде оқыту секілді халық өмірінде бұрын-соңды болмаған зор әлеуметтік мақсаттарды орындау

Ы. Алтынсаринге, әрине, ол кезде оңайға түсken жоқ. Әйтсе де, халқын сүйген, сүйген де оның жарқын болашағына шексіз сенген патриот, жігерлі құрескер Ы. Алтынсарин: «Ал енді құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын», – деп Н.И.Ильминскийге (1884 жылдың 14 сентябрі) сеніммен жазғаныңдай, сан-сала қындықтармен табанды құресе жүріп, әрі орыс достарының, әріптестерінің көмегін, ақыл-кеңесін де пайдалана отырып, осындаі қажырлы еңбегі, құресі арқасында 1864 жылдың қазақ саха-расының төрінде бұрын құлаққа шалынбаған жаңа әуен-балаларды білімге, өнерге шақырған қоңырау үні тұнғыш рет естілген еді. Бұл ұлы мақсатқа ғұмырын арнаған жас ағартушының осы жолдағы алғашқы женісі, ал қазақ халқының өміріндегі әлеуметтік маңызды тарихи оқиға болатын. Соңдықтан да болар, Ұбырай Алтынсарин бұл қуанышын (дұрысы женісін) Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Осы жылды (яғни 1864 жылды) январьдың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай, өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің айызымды қандырып, не бәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды...» – деп айрықша мақтандырылған жазды.

Тұнғыш білім отауының босағасын алғаш аттаған он төрт баланың есімдері бізге беймәлім болғанымен, олардың жұдырықтай жүргегін билеген сезімдері соншалықты таныс, ыстық қой.

Ы.Алтынсарин балаларды тәрбиелеуде, олардың ой-санасына қозғау салып жетілдіруде өзінің педагогикалық идеясын іске асыру үшін, алдымен балалар әдебиетін жасауға бет бұрды.

Ы.Алтынсарин – «Қазақ хрестоматиясы» (1879) деп аталатын ана тіліміздегі тұнғыш оқулықтың авторы. Бұл қазақ халқы үшін, өсіресе, оның жас үрпақ балалары үшін тың жа-